



**KAZAKHMYC**

6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales  
Company Number: 5180783

2010 жылғы 29 шілде

## **ҚАЗАҚМЫС 2010 ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ**

Бүгін Қазақмыс Тобы ағымды жылдың алты айы ішінде жағымды өндірістік көрсеткіштерге және қызметінің негізгі нәтижелеріне қол жеткізгендігін хабарлады.

Топтағы кәсіпорындардың тұрақты қызметтерінің арқасында, 2010 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде меншікті концентраттан катодты теңгерімдегі мыс өндірісі белгіленген жоспардан асып, 164,3 мың тоннаны құрады. Қосарлы өнімдер өндірісінің өзінде де тұрақты нәтижелерге қол жеткізілді. Рудадағы құрамының және айырып алу коэффициентінің артуының нәтижесінде концентраттағы мырыш өндірісі межеленген міндеттерден артып түсіп, 80,9 мың тоннаны құрады. Рудадағы алтын өндірісі 2009 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда екі есеге артып, өндіріс 62, 4 мың унцийді құрады. Күміс өндірісі жылдық жоспарға сай 6,697 мың унцийге жетті.

Балқаш бөлімшесінің шығарған күміс құймаларына тестілеу өткізілген соң, Қазақмыс Тобы бағалы металлдар нарығында қатысушылардың Лондон қауымдастығы тізіміне қосылды.

Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 (ЕГРЭС-1) алдағы 7 жыл ішінде көлемі 1 млрд.АҚШ долларынан асатын инвестициялық бағдарламасы белсенді іске асырылып келеді. Бағдарлама қазіргі заманғы электр сүзгілерін орнатуды, жұмыс істемей тұрған үш энергоблокты қалпына келтіруді және электр станциясының белгіленген 4000 МВт өндірістік қуаттылығына жеткізуді қамтып отыр. 2013 жылға қарай электр станциясының нақты қуаттылығы жұмыс істемей тұрған бірінші блокты қалпына келтіру жолымен 2500 МВт-тан 3000 МВт-қа дейін арттырылады.

Ағымды жылдың бірінші жартыжылдығында ЕГРЭС-1 электр энергиясын өндіруі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстыра қарағанда, кВт-сағатына 4,56 теңге бекітілген орташа тарифімен алғанда, 43 пайызға жоғарылады. 2010 жылдың наурыз айынан бастап «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры ЕГРЭС-1-де қатысу үлесіндегі 50 пайыздың иегері болып табылып отыр.

Топтың қолда бар активтерді оңтайландыру мен өндірісті ұлғайту жөніндегі жаңа жобаларын іске асыруға бағытталған даму стратегиясы сәтті орындалу үстінде. Бозшакөл ірі кен орны бойынша екінші жартыжылдықта аяқталуы жоспарланып отырған техникалық-экономикалық негіздемелеуі жалғасу үстінде. Топтың екінші бір ірі даму жобасы Ақтоғай кен орны болып табылады. Сәуір айында Қазақмыс Тобы сол аталған кен орнын бірлесіп игеру жөнінде «Jinchuan Group LTD» компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Осы екі кен орнындағы өндірудің жиынтық көлемі Қазақмыстың қазіргі өндірісінің шамамен 60 пайызын құрайтын болады және алдағы бес жылдың ішінде Топтың өндірістік көрсеткіштерін едәуір ұлғайтуға мүмкіншілік беретін

болады. Оның үстіне, Қырғызстандағы Бозымчак алтынды-мыс бай кен орнын игеру белсенді фазаға аяқ басып отыр.

Қазақстандық үлесті ұлғайту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны қолдау үшін Қазақмыстың арнайы құрылған жұмыс тобындағы қызметкерлер 50-ден астам отандық кәсіпорындарда болып, жалпы сомасы 2 млрд-қа жететін келісім-шарттар жасасқан.

Қазақмыс Тобының бас атқарушы директоры Олег Новачук былай деп түсініктеді: «Бірінші жартыжылдықта қол жеткізілген нәтижелер бізді қуанытып отыр. Руданы өндіру, өңдеу және балқыту жоспарлы көрсеткіштерге сай болды және осы жылдың соңына қарай ең аз дегенде 300 мың тонна катодты теңгерімдегі мысты өндіретіндігімізге сенімдіміз».

#### **Толық ақпарат алғыңыз келсе төмендегі байланыс телефондарына хабарласыңыз:**

##### **«Қазақмыс ПЛС»**

Джон Смэлт	Корпорациялық байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Айрин Бэртон	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Зүлфира Мұхамедиярова	БАҚ-мен байланыс жасау жөніндегі аға менеджері	Тел: +77 27 266 3317

##### **Мерлин**

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Том Рэнделл	Тел: +44 20 7726 8400
Леонид Финк	Тел: +44 20 7726 8400

#### **РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Қазақмыс Тобы табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады және мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын, сонымен қатар мұнай өндіру салаларында аса қомақты қатысу үлесі бар.

Топ Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші болып және әлемдегі алда келе жатқан он мыс өндірушілердің бірі болып табылады. Қазақмыс 16 кенішті, 10 тау-кен фабрикаларын және 2 мыс балқытушы өндірістік кешенді иеленіп отыр.

Мысты өндіру руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толығымен интеграцияланған. 2009 жылы меншікті рудадан 320 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясын ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтылған.

Қазақмыс Тобы басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2009 жылы Қазақмыс 149 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Қазақмыс әлемде ең ірі деген күміс өндірушілердің ондығына кіреді (2009 жылы 17 млн унция күміс өндірді).

Құрамына 2007 жылының шілдесінде сатылып алынған «Eurasia Gold Inc» компаниясы кіретін «Kazakhmys Gold» бөлімшесі, кен игеру және кен орындарын барлау жөніндегі ірі жобаларды іске асырып отыр. 2009 жылы Топ 182 мың унция алтын өндірді, есептелінген әрі болжанып отырған оған тиесілі 2,3 млн. унция ресурстары бар.

«Kazakhmys Power» теңгерімді қуаттылығы 4000 МВт құрайтын Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз көмір электр станциясының (ЕГРЭС-1) 50 пайыздық қатысу үлесін иеленіп отыр. Оның үстіне, 2009 жылы 3,7 млн. тоннадан астам көмір шығарып, электр станциясы қажеттігінің 25 пайызын қамтыған Майкөбе көмір кеніші де осы бөлімшеге тиесілі.

«Kazakhmys Petroleum» бөлімшесі 2007 жылдың сәуір айында иелігіне сатып алған Каспий маңы ойпатының шығыс шекарасында орын тепкен Шығыс Ақжар барлау блогында өзінің жұмысын жалғастырып келеді.

Соған қоса, Қазақмысқа алдын ала мыстан және мыс қорытпаларынан алынған жартылай өңделген өнімдердің алуан-түрлі ассортиментін шығарып мыс өнімдерін өндіретін МКМ германиялық компания тиесілі.

Топ айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді. Топтың акциялары Лондон Қор биржасында, сондай-ақ Қазақстан Қор биржасында саудаланады. 2009 жылы ол EBITDA 1,2 млрд.АҚШ доллары көрсеткішімен Топтың өнімдерін сату көлемі 3,7 млрд.АҚШ доллары болды. Топта шамамен 62 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – Орталық Азияда ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіндіктерін диверсификациялау және ұлғайту жолында белсене қатысу.



**KAZAKHMYST**

6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales  
Company Number: 5180783

29 июля 2010 год

## **КАЗАХМЫС ОБЪЯВЛЯЕТ РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЗА ШЕСТЬ МЕСЯЦЕВ 2010 ГОДА**

Сегодня Группа Казахмыс объявила о достижении положительных производственных показателей и основных результатах деятельности за шесть месяцев текущего года.

Благодаря стабильной деятельности предприятий Группы, за первое полугодие 2010 года производство меди в катодном эквиваленте из собственного концентрата превысило установленный план и составило 164, 3 тыс. тонн. Устойчивые результаты получены и в производстве попутной продукции. В результате увеличения содержания в руде и коэффициента извлечения производство цинка в концентрате превысило поставленные задачи и составило 80, 9 тыс. тонн. Содержание золота в руде почти удвоилось по сравнению с первым полугодием 2009 года; производство составило 62,4 тыс. унций. Производство серебра составило 6, 697 тыс. унций, согласно годовому плану. После проведенного тестирования серебряных слитков Балхашского подразделения Группа Казахмыс внесена в список Лондонской ассоциации участников рынка драгоценных металлов.

Активно реализуется инвестиционная программа Экибастузской ГРЭС-1 имени Б. Нуржанова (ЭГРЭС-1), объем которой составит более \$1 млрд в течение последующих семи лет. Программа предусматривает установку современных электрофильтров, восстановление трех неработающих энергоблоков и доведение электростанции до установленной производственной мощности в 4000 МВт. К 2013 году фактическая мощность электростанции увеличится с 2500 до 3000 МВт посредством восстановления первого неработающего энергоблока.

В первом полугодии текущего года производство электроэнергии ЭГРЭС-1 увеличилось на 43%, по сравнению с соответствующим периодом прошлого года, со средним тарифом реализации в 4,56 тенге/кВтч. С марта 2010 года Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» является 50% владельцем доли участия в ЭГРЭС-1.

Успешно выполняется стратегия развития Группы направленная на оптимизацию существующих активов и реализацию новых проектов по расширению производства. Продолжается технико-экономическое обоснование по месторождению Бозшаколь, которое планируется завершить во втором полугодии. Вторым крупным проектом развития Группы является месторождение Актогай. В апреле Группой Казахмыс подписан меморандум о сотрудничестве с компанией «Jinchuan Group LTD» по совместной разработке данного месторождения. Совокупный объем добычи на этих двух месторождениях приблизительно составит 60% от текущего производства Казахмыса и позволит существенно увеличить производственные показатели Группы в

течение ближайших пяти лет. Кроме этого, в активную фазу вступило освоение богатого золотомедного месторождения Бозымчак в Кыргызстане.

В поддержку государственной программы по увеличению казахстанского содержания, сотрудники специально созданной рабочей группы Казахмыса посетили более 50 отечественных предприятий и заключили ряд контрактов на общую сумму до 2 млрд тенге.

Главный исполнительный директор Группы Казахмыс, Олег Новачук прокомментировал: «Нас радуют достигнутые результаты первого полугодия. Добыча, переработка и плавление руды соответствуют плановым показателям и мы уверены, что достигнем производства как минимум 300 тыс. тонн меди в катодном эквиваленте к концу текущего года».

#### Для получения дополнительной информации звоните по следующим телефонам:

---

##### Группа Казахмыс

Джон Смэлт	Глава отдела корпоративных связей	Тел: +44 20 7901 7882
Айрин Бэртон	Финансовый аналитик	Тел: +44 20 7901 7814
Зульфира Мухамедьярова	Старший менеджер по связям со СМИ	Тел: +77 27 2663 317

##### Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7653 6620
Том Рэнделл	Тел: +44 20 7653 6620
Леонид Финк	Тел: +44 20 7653 6620

---

#### ПРИМЕЧАНИЯ ДЛЯ РЕДАКТОРОВ

Группа Казахмыс является ведущей международной компанией по добыче и переработке природных ресурсов и имеет значительные доли участия в области производства меди, золота, цинка, серебра, электроэнергии, а также нефти.

Группа является крупнейшим производителем меди в Казахстане и одним из десяти ведущих производителей меди в мире. Казахмыс владеет 16 действующими рудниками, 10 горно-обогатительными фабриками и 2 медеплавильными производственными комплексами.

Производство меди является полностью интегрированным, начиная с добычи руды и заканчивая производством конечной продукции в форме катодной меди и медной катанки. В 2009 году из собственной руды было произведено 320 тысяч тонн меди в катодном эквиваленте. Производство поддерживается внутренними поставками электроэнергии и значительной железнодорожной инфраструктурой.

Казахмыс производит значительные объемы других металлов, в том числе цинка, серебра и золота. В 2009 году Казахмыс произвел 149 тысяч тонн цинкового концентрата. Казахмыс входит в десятку крупнейших производителей серебра в мире (в 2009 году было произведено 17 млн. унций серебра).

Подразделение «Kazakhmys Gold», в состав которого входит приобретенная в 2007 году компания «Eurasia Gold Inc», реализует крупные проекты по разработке и разведке месторождений. Подсчитанные и предполагаемые ресурсы Kazakhmys Gold содержат 2,5 млн. унций золота в эквиваленте. В 2009 году Группой произведено 182 тысяч унций золота.

«Kazakhmys Power» владеет 50%-ной долей участия в крупнейшей в Казахстане Экибастузской угольной электростанции (ЭГРЭС-1), с номинальной мощностью в 4000 МВт.

Подразделение «Kazakhmys Petroleum» продолжает свою работу на разведочном блоке Восточный Акжар, который был приобретен в апреле 2007 и расположен в районе восточной границы Прикаспийской низменности.

Группа входит в список компаний FTSE-100. Акции Группы Казахмыс котируются как на Лондонской фондовой бирже, так и на Казахстанской фондовой бирже. В 2009 году объем реализации продукции Группы составил 3,7 млрд. долларов при показателе EBITDA в 1,6 млрд. долларов. В Группе работает около 62 000 человек, главным образом, казахстанских граждан. Стратегической целью Казахмыса является оптимизация производственных активов, реализация проектов по расширению производства и использование преимуществ наличия полезных ископаемых в Центральной Азии.